

Ленин жолы

ҚК(б)П СОЛТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН ОБЛЫСТЫҚ КОМИТЕТІНІҢ, ЕҢБЕКШІЛЕР ДЕПУТАТТАРЫНЫҢ ОБЛЫСТЫҚ СОВЕТІНІҢ ЖӘНЕ ҚК(б)П ПЕТРОПАВЛ ҚАЛАЛЫҚ КОМИТЕТІНІҢ ГАЗЕТІ

№ 280 (8690)

1945 жылғы 23 ноябрь Жұма

Шығуына 27-жыл
Жеке саны 20 тыйы

Сталин жолдас қалай үйретіп отырса, жұмысты біз дәл солай істейік!

Вячеслав Михайлович Молотовтың: «Сталин жолдас қалай үйретіп отырса, жұмысты біз дәл солай істейік!» деген сөздерін, 6 ноябрде Кремльде Москва Советінің салтанатты мәжілісіне қатысқан астанамыздың таңдаулы адамдарымен бірге бүкіл еліміз қызу қол шапалақтап қарсы алды. Сталинше жұмыс істеуді, сүйік Отанымыздың күш-қуатының оған сәйкес артуы үшін, халқымыздың тұрмыс-дәрежесінің оған әрі өсуі үшін еңбек етуді, ұлы көсеміміз және ұстазымыз қалай үйретіп отырса, дәл солай жұмыс істеуді партиядағы және партияда жоқ әрбір болысшы жап-тәптімен тілейді және бар күшімен осыған ұмтылады.

Бейбіт тұрмыс жылдарындағы шаруашылық құрылыстың сталиндік мектебі, Ұлы Отан соғысы жылдарында ерекше өрістеген сталиндік қолбасшылық ғылымы, мұның өзі—большевиктер партиясының басшылығымен совет халқының қолы жеткен дүние жүзінің тарихи жеңістердің мектебі. Қазір, еліміз бейбіт құрылысқа көшкен кезде, совет мемлекеті алдында социалистік құрылыстың бұрынғы уақытта болып көрмеген қан әрісі және Советтер Одағының күштерін еркенде түзін сондай зор мүмкіншіліктері ашылған кезде, совет адамдары Ұлы Сталиннің үйреткенінше оған сайын күшті жігер мен жұмыс істеуге даяр. Соғысты жеңіс пен аяқтағаннан кейін бүкіл халқымыз алдына қойылған жаңа ұлы міндеттерді ойдағыдай орындап шығуымызға мұның өзі көп.

Немістердің шапқыншылығына ұшыраған аудандардың шаруашылық және мәдени қалпын қалпына келтіріп, өркендету, елі-

мізге жыдың ішінде еліміздің шаруашылығының дамуына соғысқа дейінгі дәрежеден едәуір асыруды, бүкіл халқымыздың тұрмыс-дәрежесінің едәуір артуын қамтамасыз етуді көздейді. Мұның үшін біз ауыр өнеркәсіпті оған сайын күшейтуді керек. Елімізге металлды, көмірді, мұнайды оған сайын көп беруіміз керек. Елімізді паровоздармен, вагондармен, тракторлармен, ауыл шаруашылық машиналарымен, автомобильдермен, кемелермен, турбиналармен, станоктармен және басқа машиналармен жабдықтап келген машина жасау өндірісінің ең маңызды салаларының қысқа мерзім ішінде қалпына келтіруіміз керек. Өздерінің жаңа шаруашылық жоспарларын орындай алмай отырған кәсіп орындары әлі де бар. Азаматтық өндірісті жолға қою кей жерлерде кешеуілдеп отыр. Соғыс кезінде жыйналған өнеркәсіптің жаңа өнімдерін шығаруды тез жолға қоюына мүмкіншілік берген тәжірибені оңдай жерлерде мейлінше кеңінен қолдану керек.

Ауыр өнеркәсіпті күшейтумен қатар көпшілік қолды товарлар шығаруды арттыру және тамақ заттарымен жабдықтауды жақсарту—аса маңызды ісіміз. Майданды жабдықтауға қаншама көп еңбек сіңіре тұрса да, қазіргі уақытта халқымыз өздерінің жұмысына олардың халық үшін сапасы жақсы товарларды және азық-түлікті неғұрлым тез, көп шығаруына қарай баға беретінін тоқыма өнеркәсібінің, жеңіл өнеркәсіптің, тамақ, балық, ет, сүт өнеркәсібінің қызметкерлері естен шығармаулары керек.

Халық шаруашылығының барлық салаларын қалпына келтіріп, өркендету, елі-

ССРО ЖОҒАРҒЫ СОВЕТІНІҢ САЙЛАУЫНА ӘЗІРЛІК

Одақ советі мен ұлттар советінің сайлауы жөнінде округтік сайлау комиссиясына кандидаттар ұсыну

Н. К. Толмачев жолдас—Солтүстік Қазақстан коммунистік ұйымынан кандидат

ҚК(б)П Солтүстік Қазақстан облыстық комитетінің қызметкерлері Округтік сайлау комиссиясына кандидатура ұсыну жөнінде мәселе талқылап, Солтүстік Қазақстан Коммунистік ұйымынан ССРО Жоғарғы Советінің сайлауы жөніндегі Пе-

тропавл сайлау Округінің комиссиясына кандидаттыққа ҚК(б)П облыстық комитеті секретарінің өнеркәсіп жөніндегі орынбасары Николай Кондратьевич Толмачев жолдасты ұсынды.

Петропавл қалалық коммунистік ұйымынан С. М. Филатов жолдас ұсынылды

Петропавл қалалық партия комитетінің қызметкерлері 20 ноябрде болып өткен бюро мәжілісінде Ұлттар Советінің сайлауы жөніндегі Округтік сайлау комиссиясына кандидатура ұсыну жөнінде мәселе қарап, Петропавл қалалық комму-

нистік ұйымынан Ұлттар Советінің сайлауы жөніндегі Петропавл қалалық № 244 сайлау Округінің сайлау комиссиясына кандидаттыққа ҚК(б)П қалалық комитетінің үшінші секретарі Степан Михайлович Филатов жолдасты ұсынды.

Депо коллективі Округтік сайлау комиссиясына атакты машинашылар Слюнько және Маликов жолдастарды ұсынды

Гудовицтың ұзаққа созылған даусы жұмыс күнінің аяқталғанын білдірді. Петропавл депошының жұмысшылары қызметкерлері, мамандары жақсы жабдықталып, жуырда қол ашылған қызыл-мүйіске жыйналды, олар мұнда ССРО Жоғарғы Советінің сайлауы жөніндегі Округтік сайлау комиссиясына кандидатура ұсыну туралы мәселе талқыламақ.

Маликов

Советінің 244-сайлау округінің Округтік сайлау комиссиясына кандидаттыққа ортаңғы аға машинашы Маликов жолдасты ұсыну жөнінде ұсыныс кіргізді. Кузнецов жолдастың ұсынысын жыйнақтардан ауқат шапалақтаумен қарсы алды.

—Мен Маликов жолдастың—деді Караев жолдас,—депонның таңдаулы машинашысы екенін білемін. Ұлы Отан соғысы жылдарында ол жоғары награда—Ленин

Біз өнеркәсіпте, а у ы л шаруашылығында транспортта, мекемелердің бәрінде еңбекті қайткенде дұрыс ұйымдастыру керек деген мәселе мені көбірек ойлауымыз хажет, сөйтіп, совет адамының еңбегінің өнімділігі, оның жұмысының сапасы неғұрлым жақсы нәтиже беретін етуімі керек.

В. МОЛОТОВ.

СОВЕТТЕР ОДАҒЫНДА

ЖЫЙНАҚ КАССАЛАРЫНДАҒЫ ВКЛАДТЫҢ ӨСУІ

Еңбекшілердің жыйнақ қассаларының вклада 1945 жылы үздіксіз өсіп келеді. Үстіміздегі жылдың бірінші тоқсанында вклада сомасы 480 миллион сом, екінші тоқсанда 690 миллион сом, ал үшінші тоқсанда 900 миллион сомнан артады. Сөйтіп, 9 айдың ішіндегі өсім 2 есе артып отыр. Бұл сом соңғы жыйнақтардың қайсынан болсын тек болып есептеледі.

Қазіргі уақытта жыйнақ қассаларында бұқара қаржысының жалпы сомасы соғысқа дейінгі жылдардан артық. Әресе еліміздің өндіріс мәдени орталықтарындағы жыйнақ қассаларына сақтауға беретін қаржы өткізуде. Мәселен, жыйнақ қассалары қазір вклада соғысқа дейінгіден бір есе артық. Горький қаласы жыйнақ қассаларында соғысқа дейінгі үш есе артық вклад сақталады. 2 град және басқа көптеген қалаларда жыйнақ қассаларында да вкладтың қаржы соғысқа дейінгі уақыттан артық асып отыр. (ТА)

КОЛХОЗДАҒЫ ДӘРІГЕР СЕСТРА КУРСЫ

ГОРЬКИЙ, 13 ноябрь. (ТАСС). Мәскеу ауданында қызыл крест қызыл облыстық комитеті ұйымдастырған дәрігер сестралар курсы жұмыс істейді. Онда 325 адам оқиды.

Күрті бітірген колхозшы әйелдер сестра атағын алып, селенің келері дәрігердің басқаруымен дәрігерлік көмек көрсететін пун-кты атқарады.

ЛАТВИЯ ССР-НЫҢ ҒЫЛЫМ АКАДЕМИЯСЫН ҰЙЫМДАСТЫРУАЛЫ

Солтүстік Қазақстан облыстық коммунистік ұйымынан Ж. Төшенов жолдас ұсынылды

Солтүстік Қазақстан облыстық комитетінің бюросында «ССРО Жоғарғы Советінің сайлау Ережесіне» сәйкес, Ұлттар Советінің сайлауы жөнінде Округтік сайлау комиссиясына кандидатура ұсыну жөнінде мәселе қаралып, Солтүстік Қазақстан облыстық коммунистік ұйымынан Ұлттар Советінің сайлауы жөніндегі Петропавлдың 245 сайлау округінің Округтік комиссиясына ҚК(б)П облыстық комитеті секретарінің мал шаруашылығы жөніндегі орынбасары Жұмабек Төшенов жолдас ұсынылды.

САЙЛАУ ЕРЕЖЕЛЕРІН ҮЙРЕНУДЕ

Совет ауданының колхоздары мен совхоздарында және машина-трактор станцияларында еңбекшілерді ССРО Жоғарғы Советінің сайлауына әзірлеу жөнінде бір талай жұмыстар істеліп келеді. Жуырда аудан орталығында үгітшілердің семинары болып, оған колхоздардан, совхоздар мен МТС-тардан 120 үгітші қатысты. Мұнымен қатар, МТС-тарда күстальник семинарлар өткізілді. Ол семинарларда үгітшілерге сайлаушылар арасында сайлау заңын түсіндірудің жөн-жобалары үйретілді.

Ауданымызда 27 сайлау учаскесі бар. Ол учаскелерде 451 үгітші жұмыс істей

Ленин жұмы

ҚК(б)П СОЛТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН ОБЛЫСТЫҚ КОМИТЕТІНІҢ, ЕҢБЕКШІЛЕР ДЕПУТАТТАРЫНЫҢ ОБЛЫСТЫҚ СОВЕТІНІҢ
ЖӘНЕ ҚК(б)П ПЕТРОПАВЛ ҚАЛАЛЫҚ КОМИТЕТІНІҢ ГАЗЕТІ

№ 280 (8690)

1945 жылғы 23 ноябрь Жұма

Шығуына 27-жыл
Жеке саны 20 тыйы

Сталин жолдас қалай үйретіп отырса, жұмысты біз дәл солай істейік!

Вячеслав Михайлович Молотовтың: «Сталин жолдас қалай үйретіп отырса, жұмысты біз дәл солай істейік!» деген сөздерін, 6 ноябрде Кремльде Москва Советінің сайланатты мәжілісіне қатысқан астамамыздың таңдаулы адамдарымен бірге бүкіл еліміз қызу көл шапалақтап қарсы алды. Сталинше жұмыс істеуді, сүйік Отанымыздың күш-қуатының оған сабын артуы үшін, халқымыздың тұрмыс-дәрежесінің оған әрі өсуі үшін еңбек етуді, ұлы көсеміміз және ұстазымыз қалай үйретіп отырса, дәл солай жұмыс істеуді партиядағы және партияда жоқ әрбір болысшық жаң-төнімен тілейді және бар күшімен осыған ұмтылады.

Бейбіт тұрмыс жылдарындағы шаруашылық құрылысының сталиндік мектебі, Ұлы Отан соғысы жылдарында ерекше өрістеген сталиндік қоластылық ғылым, мұның өзі—большевиктер партиясының басшылығымен совет халқының қолы жеткен дүние жүзінің тарихи жеңістердің мектебі. Қазір, еліміз бейбіт құрылысқа көшкен кезде, совет мемлекеті алдында социалистік құрылыстың бұрын еш уақытта болып көрмеген көп өрісі және Советтер Одағының күштерін өркенде туғызғандай зор мүмкіншіліктері ашылған кезде, совет адамдары Ұлы Сталиннің үйреткенінше оған сайын күшті жігер мен жұмыс істеуге даяр. Соғысты жеңіп аны аяқтағаннан кейін бүкіл халқымыз алдына қойылған жаңа ұлы міндеттерді ойдағыдай орындап шығуымызға мұның өзі көп.

Немістердің шапқыншылығына ұшыраған аудандардың шаруашылық және мәдениеттік қалпын қалпына келтіріп, өркендету, елі-

мізге жыдың ішінде еліміздің шаруашылығының дамуы соғысқа дейінгі дәрежеден едәуір асыруды, бүкіл халқымыздың тұрмыс-дәрежесінің едәуір артуын қамтамасыз етуді көздейді. Мұның үшін біз ауыр өнеркәсіпті оған сайын күшейтуіміз керек. Елімізге металлды, көмірді, мұнайды оған сайын көп беруіміз керек. Елімізді паровоздармен, вагондармен, тракторлармен, ауыл шаруашылық машиналарымен, автомобильдермен, кемелермен, турбиналармен, станоктармен және басқа машиналармен жабдықтап келген машина жасау өндірісінің ең маңызды салаларының қысқа мерзім ішінде қалпына келтіруіміз керек. Өндірінің жаңа шаруашылық жоспарларын орындай алмай отырған кәсіп орындары әлі де бар. Азаматтық өндірісті жолға қою кей жерлерде кешеуілдеп отыр. Соғыс кезінде жыйналған, өнеркәсіптің жаңа өнімдерін шығаруды тез жолға қоюына мүмкіншілік берген тәжірибені оңдай жерлерде мейлінше кеңінен қолдану керек.

Ауыр өнеркәсіпті күшейтумен қатар көпшілік қолды товарлар шығаруды арттыру және тамақ заттарымен жабдықтауды жақсарту—аса маңызды ісіміз. Майданды жабдықтауға қаншама көп еңбек сіңіре тұрса да, қазіргі уақытта халқымыз өндірінің жұмысына олардың халық үшін сапасы жақсы товарларды және азық-түлікті неғұрлым тез, көп шығаруына қарай баға беретінін тоқыма өнеркәсібінің, жеңіл өнеркәсіптің, тамақ, балық, от, сүт өнеркәсібінің қызметкерлері естен шығармаулары керек.

Халық шаруашылығының барлық салаларын қалпына келтіріп, өркендету, елі-

ССРО ЖОҒАРҒЫ СОВЕТІНІҢ САЙЛАУЫНА ӘЗІРЛІК

Одақ советі мен ұлттар советінің сайлауы жөнінде округтік сайлау комиссиясына кандидаттар ұсыну

Н. К. Толмачев жолдас—Солтүстік Қазақстан коммунистік ұйымынан кандидат

ҚК(б)П Солтүстік Қазақстан облыстық комитетінің қызметкерлері Округтік сайлау комиссиясына кандидатура ұсыну жөнінде мәселе талқылап, Солтүстік Қазақстан Коммунистік ұйымынан ССРО Жоғарғы Советінің сайлауы жөніндегі Петропавл сайлау Округінің комиссиясына кандидаттыққа ҚК(б)П облыстық комитетінің секретарінің өнеркәсіп жөніндегі орынбасары Николай Кондратьевич Толмачев жолдасты ұсынды.

Петропавл қалалық коммунистік ұйымынан С. М. Филатов жолдас ұсынылды

Петропавл қалалық партия комитетінің қызметкерлері 20 ноябрде болып өткен бюро мәжілісінде Ұлттар Советінің сайлауы жөніндегі Округтік сайлау комиссиясына кандидатура ұсыну жөнінде мәселе қарап, Петропавл қалалық коммунистік ұйымынан Ұлттар Советінің сайлауы жөніндегі Петропавл қалалық № 244 сайлау Округінің сайлау комиссиясына кандидаттыққа ҚК(б)П қалалық комитетінің үшінші секретарі Степан Михайлович Филатов жолдасты ұсынды.

Депо коллективі Округтік сайлау комиссиясына атакты машинашылар Слюнько және Маликов жолдастарды ұсынды

Гудожтың ұзаққа созылған даусы жұмыс күнінің алқаталғанын білдірді. Петропавл депошының жұмысшылары қызметкерлері, мамандары жақсы жабдықты, жуырда қол ашылған қызыл мүйіске жыйнады, олар мұнда ССРО Жоғарғы Советінің сайлауы жөніндегі Округтік сайлау комиссиясына кандидатура ұсыну туралы мәселе талқыламақ.

Маликов

Біз өнеркәсіпте, ауыл шаруашылығында транспортта, мекемелердің бәрінде еңбекті қайткенде дұрыс ұйымдастыру керек деген мәселе мені көбірек ойлауымыз хажет, сөйтіп, совет адамының еңбегінің өнімділігі, оның жұмысының сапасы неғұрлым жақсы нәтиже беретін етуімі керек.

В. МОЛОТОВ.

СОВЕТТЕР ОДАҒЫНДА

ЖЫЙНАҚ КАССАЛАРЫНДАҒЫ
ВКЛАДТЫҢ ӨСУІ

Еңбекшілердің жыйнақ қассаларының вклады 1945 жылы үздіксіз өсіп келеді. Үстіміздегі жылдың бірінші тоқсанында вклады соммағы 480 миллион сом, екінші тоқсанда 690 миллион сом, ал үшінші тоқсанда 900 миллион сомнан артады. Сөйтіп, 9 айдың ішіндегі өсім 2 миллиард сомнан артады. Бұл сом совет елінің жылдардың қайсынан болсын табық болып есептеледі.

Қазіргі уақытта жыйнақ қассадағы бұхара қаржысының жалпы соммағы соғысқа дейінгі жылдардағыдан әлдеқайда артық. Өткен еліміздің өндіріс мәдени орталықтарындағы жыйнақ қаржыны сақтауға беретін қаржы ең түсуде. Москваның жыйнақ қассалары қазір вклады соғысқа дейінгіден біраз ғана артық. Горький қаласы жыйнақ қассаларында соғысқа дейінгі үш есе артық вклад сақталады. Петропавлда және басқа көптеген қалаларда жыйнақ қассаларында да вкладының да соғысқа дейінгі уақыттан асып асып отыр. (ТА)

КОЛХОЗДАҒЫ ДӘРІГЕР СЕСТРА
КУРСЫ

ГОРЬКИЙ, 13 ноябрь. (ТАСС). Мұның 13 ауданында қызыл крест қызыл облыстық комитеті ұйымдастырған дәрігер сестралар курсы жұмыс істейді. Онда 325 адам оқиды.

Курсты бітірген колхозшы әйелдері сестра атағын алып, сол елдегі дәрігердің басқаруымен апартерлік көмек көрсететін пункт қызмет атқарады.

ЛАТВИЯ ССР-НЫҢ ҒЫЛЫМ
АКАДЕМИЯСЫН ҰЙЫМДАСТЫ
ТУРАЛЫ

Солтүстік Қазақстан облыстық коммунистік ұйымынан Ж. Төшенов жолдас ұсынылды

Солтүстік Қазақстан облыстық комитетінің бюросында «ССРО Жоғарғы Советінің сайлау Ережесіне» сәйкес, Ұлттар Советінің сайлауы жөнінде Округтік сайлау комиссиясына кандидатура ұсыну жөнінде мәселе қаралып, Солтүстік Қазақстан облыстық коммунистік ұйымынан Ұлттар Советінің сайлауы жөніндегі Петропавл № 245 сайлау округінің Округтік комиссиясына ҚК(б)П облыстық комитетінің секретарінің мал шаруашылығы жөніндегі орынбасары Жұмабек Төшенов жолдас ұсынылды.

САЙЛАУ ЕРЕЖЕЛЕРІН ҮЙРЕНУДЕ

Совет ауданының колхоздары мен совхоздарында және машина-трактор станцияларында еңбекшілерді ССРО Жоғарғы Советінің сайлауына әзірлеу жөнінде бір талай жұмыстар істеліп жатыр. Жуырда аудан орталығында үгітшілердің семинары болып, оған колхоздардан, совхоздар мен МТС-тардан 120 үгітші қатысты. Мұнымен қатар, МТС-тарда күстальдық семинарлар өткізілді. Ол семинарларда үгітшілерге сайлаушылар арасында сайлау заңын түсіндірудің жөн-жобалары үйретілді.

Ауданымызда 27 сайлау учаскесі бар. Ол учаскелерде 451 үгітші жұмыс істей

энергетикада қазір металл шығаруда қатысқан бір де бір завод жоқ екені жұртқа мәлім. Украинада цехістер қыратқан ән үлкен 95 машина заводтарының қазірдің өзінде 93 завод негізгі өнім бере бастағаны да мәлім. Қалпына келтіру жұмыстарындағы табыстарымызға бүкіл әліміз қуанады. Бірақ, мұнымен бірге бұл жөнінде, В. М. Молотов жолдастың көрсеткеніндей, жұмыстың әлі азы ғана орындалғанын естен шығармау керек. Довбақты Украина жағындағы шахталары әзірге соғысқа дейінгі күнбе-күнгі өнімнің небәрі 40 процентіне ғана жетті. Оңтүстіктегі металлургия өнеркәсібі де домна және мартен пештерінің соғысқа дейінгі қуатының небәрі 23 проценті ғана меңгерілді, прокат стандартының 30 процентке жуығы ғана қалпына келтірілді. Оңтүстіктегі машина жасайтын негізгі заводтарының машина-жабдықтары соғысқа дейінгі мөлшерінің жартысына да жеткен жоқ.

Олай болса, жау қыратқан шаруашылықты неғұрлым тез қалпына келтіру үшін, бүкіл халқымыз болып әзі де көп күш жұмсауымыз керек. Барлық кәсіп орындарын, колхоздарды, машина трактор станцияларын, бірін қалдырмай, төгісінен қалпына келтіру керек. Өртенген қалалар мен селоларды қайтадан көркейтп, мәдениет орындарын қалпына келтіруіміз керек. Көп пәтер үйлер салуымыз керек. Қалпына келтірушілер құрылыс және машина жабдықты орнату жұмыстарының қаржысын мейлінше күшейтулері керек.

Ал, құрылыс материалдарын дайындайтын заводтар, машина жасайтын кәсіп орындары азат етілген аудандардың хажетін өтеуге керекті зақаздарды дөме-дөл белгіленген мерзімдерінде орындауға міндетті. мерзімінен бұрып орындаса, тіпті жақсы. «Заводтар мен фабрикаларды қалпына келтіру, колхоздарды, машина трактор станцияларын мен совхоздарды қалпына келтіру, мектептер мен ауруханаларды қалпына келтіру, тұрғын үйлерді қалпына келтіру, сөйтіп, бұл жерлердегі қаланың және селонның әрбір азаматының үйі болуына, өзінің үй-інін орналастыруына мүмкіншілік беру—осының бәрі біздің шұғыл жүргізетін істеріміз болып табылады». (В. М. Молотов).

Халық шаруашылығын өркендетуді көздеген негізгі міндетті орындауға совет халқы қазірден кірісуге тиіс. Большевиктер партиясы мен совет үкіметі бесжылдық жоспарды жасауда. Бұл жоспар бір

мәзгіл өнеркәсіп қорларын жинау, техникалық қорларын шөберәлікпен пайдалану міндеті алға қойылып отыр. «Біз өнеркәсіпте, ауыл шаруашылығында, транспортта, мекемелердің бәрінде еңбекті қайткенде дұрыс ұйымдастыру керек деген мәселені көбірек ойлауымыз хажет, сөйтіп, совет адамының еңбегінің өнімділігі, оның жұмысының сапасы неғұрлым жақсы нәтиже беретін етуіміз керек» (В. М. Молотов).

Біз өнеркәсібіміздің техникалық дәрежесін мейлінше арттыра беруге ұмтылып келдік және келешекте де ұмтыламыз. Көп зиянға ұшырағанымызға, сан-мың кәсіп орындарымыздың қыратылғанына қарамастан совет елінің қазіргі заман техникасымен жабдықталған маңдай алды өнеркәсібі бар. Бірақ, техника бір қалыпта тұрып қалмайды. Ғылымның табыстарын ендірісте оның сайын тез және жақсы қолдануымыз керек. Соғыс кезінде конструкторларымыз, инженерлеріміз, өндірістің командирлері, Қызыл Армияны жеңіске жеткізген маңдай алды қару-жарақ жасаудың үлгілерін көрсетті. Енді білімпаздарымыз бен конструкторларымыз соғыс өнеркәсібінде де, азаматтық өнеркәсіпте де оған әрі алға басулары керек. Конструкторларымыз бір қалыпта тұрып қалмауы керек. Совет өнеркәсібінің бүкіл өнімі техника жағынан мүлтіксіз болуы керек, ал өндіріс әдістері неғұрлым жетілген және қазіргі заманға лайықты болуы керек.

Соғысты жеңіспен аяқтап, совет халқы бейбіт еңбекке қайта оралуға мүмкіншілік алды. Қан төгіп қол жеткен бұл мүмкіншілікті пайдалануға совет халқы қазірдің өзінде кірісті. **Жеңісті баянды ету**—қазір біздің хасиетті мақсатымыз. Жеңісті бейбітшілік кездегі қаһармандық жұмысымыз бен, еңбектегі жігерімізбен, барлық кедергілерді жеңетін большевиктік ұйымшылықпен баянды етуіміз керек!

Совет тылының еңбекшілері Қызыл Армияның жаңқырлық күресінде оның ең сенімді көмекшісі болды. «Біздің совет халқы жеңістен күші мен еңбегін алаған жоқ»,—деді Сталин жолдас. Ұлы Сталин бастаған совет халқы жеңісімізді баянды ету үшін күші мен еңбегін аямайды. Сталин жолдас қалай үйреткен болса, жұмысты дәл солай істей отырып, біз социалистік құрылыстың жаңа табыстарын жетіміз, сүйікті және даңқты Отанымызды мейлінше өркендетеміз!

(«Правданың» басмақаласынан).

дәрі. Борисовский жолдастар сөз сөйледі. Олар Малюков жолдастың ұсынысын мақұлдап, Сяпония жолдастың қажырлы еңбегі жөнінде айтты.

Бұдан соң орденді манияшы Еузиев жолдас сөз алып сөйледі. Ол Ұлттар

ның сайлауы жөнінде 244 сайлау округінің Округтік сайлау комиссиясына кандидаттыққа Борис Алексеевич Маликов жолдасты ұсыну жөнінде бір ауыздан қаулы алды.

Облыстық Осоавиахим советінен М. В. Давыдов жолдас ұсынылды

20 ноябрьде Осоавиахимның облыстық советінің мәжілісі болып, мұнда СССР Жоғарғы Советі Одақ советінің Округтік сайлау комиссиясына кандидатура ұсыну жөнінде мәселе қаралды.

Мәжілісте әскери әзірлік бөлімінің бастығы Калиберда жолдас сөз сөйлеп, Осоавиахимның облыстық советінің председателі Давыдов жолдасты ұсынды. Осоавиахимның қалалық советінің нұсқаушысы Власова, Осоавиахимның бастауыш ұйы-

мының председателі Муравцев, КК(б)П обкомінің соғыс бөлімінің меңгерушісі Кравченко жолдастар тағы басқалар сөз сөйлеп, Калиберда жолдастың ұсынысын мақұлдады.

Осоавиахимның облыстық советінің қызметкерлері Одақ Советінің сайлауы жөнінде Петропавл Округтік сайлау комиссиясына кандидаттыққа Михаил Васильевич Давыдов жолдасты ұсыну жөнінде қаулы алды.

Солтүстік Қазақстан облысының колхозшыларын, колхозшы әйелдер ауыл шаруашылығының, өнеркәсіптің, транспорттың, ғылымның, өдебиет көрнек өнердің қызметкерлерін Қазақ ССР Жоғарғы Советінің грамотасымен наградтау туралы

Қазақ ССР Жоғарғы Советі Президиумының Указы

(Жалғасы. Басы газетіміздің 229-санында).

Социалистік құрылысқа белсене қатысқан үшін Қазақ ССР-ның 25 жылдығын хұрметіне мына адамдар Қазақ ССР Жоғарғы Советінің грамотасымен наградталсын:

66. **Высоцкий Михаил Федорович**—Солтүстік Қазақстан облыстық жер бөлімі бастығының мал шаруашылығы жөніндегі орынбасары.

67. **Валиулин Набиулла**—Булаев ауданындағы Булаев мұнай қоймасының директоры.

68. **Величко Александр Иванович**—Совет ауданындағы Сартмар МТС-ның директоры.

69. **Глебова Мария Борисовна**—Ленин ауданындағы «Светлый луч» артелінің нима басушы шөбері.

70. **Горчакова Елена Андреевна**—Ленин ауданындағы Явленка аудандық ауруханасының хирургиялық аға сестрасы.

71. **Гаурищук Денис Петрович**—Булаев ауданы, Калинин атындағы МТС-ның директоры.

72. **Григара Евдокия Алексеевна**—Октябрь ауданындағы «Индустрия» колхозының шошқа күтушісі.

73. **Гуль Василий Павлович**—Конюхов ауданындағы «Свет» колхозының председателі.

74. **Горбачев Поликарп Иванович**—Приешім ауданындағы «Иния» артелінің пех меңгерушісі.

75. **Гущин Николай Иванович**—Приешім ауданы, Тимирязев атындағы МТС-ның тракторшы-комбайншысы.

76. **Гулида Анна Григорьевна**—Петропавл станциясындағы темір жол емханасының дәрігері.

77. **Глуценко Антонина Федоровна**—Петропавл қаласы, Ленин атындағы № 1 қыз балалар мектебінің аға пионер вожатыйы.

78. **Гришко Надежда Трофимовна**—Преснов ауданындағы Буденный совхозының бұзау күтушісі.

79. **Гурин Андрей Николаевич**—Преснов ауданы, Приешім көй совхозының № 1 формасының меңгерушісі.

80. **Грибов Михаил Иванович**—Полудень аудандық жер бөлімінің бас зоотехнигі.

81. **Горемынина Анастасия Родионовна**—Мамлют ауданы, Мамлют тұқымдық мал совхозының сауын гуртының бригадирі.

82. **Грищенко Михаил Павлович**—КК(б)П Солтүстік Қазақстан облыстық комитеті екінші секретарінің көмекшісі.

83. **Грищенко Иван Гаврилович**—Ленин

ауданында қалақ тайнап жатқанда, «Кызыл алеваторындағы үгіт коллективінің үгітшілері бұқараға сайлау ережесін түсіндіріп тұрда түсіндіруде. Мұнда 10 үйірме ұйымдастырылып, жеке әңгімелерден басқа сайлаушылар арасында 5 лекция оқыды. Осы сыяқты «Совет», «Аманкелді атындағы және «Победа» колхоздарындағы үгітшілер де үгіт-көпшілік жұмысының нәрменді болуына ерекше назар аударуда.

СССР Жоғарғы Советінің сайлауына дайындық жұмыстары басталғанға дейін жабық тұрған 4 оқу үйі қайтадан қалпына келтірілді. Қазір аудан бойыпша 12 оқу үйі жұмыс істейді. Оқу үйлері әдеби кітаптармен жеткілікті мөлшерде жабдықталды.

С. ҚАРЫМСақов,

Совет аудандық партия комитеті үгіт-мәсихат бөлімінің меңгерушісі.

ұйымдастыру жөніндегі ұйымдастыру жұмыстарын СССР Ғылым Академиясы Президиумымен бірлесіп отырып, ісі Латвия ССР-ының Халық Комиссары Советіне тапсырылды.

ӘНШІЛЕР МЕН МУЗИКА ОРЫНДАУШЫЛАРДЫҢ БҮКІЛ ОДЫ БӘЙГЕСІНІҢ БІРІНШІ ЖАРЫС

САРАТОВ, 19 ноябрь. (ТАСС). Осы күн үлкен консерваториясында ән мен музыка орындаушылардың Одақтық бәйгесінің бірінші жарысы талды. Бәйгеге Саратовтың, Кутицын, Горькийдің, Пензаның, Довдатовтың, Грозныйдың және басқа 10 аудандың 60 артисі қатысады. Бәйге айға созылады. Таңдаулы орындау бәйгеге қатысу үшін Москваға бағ

ауданындағы Образцовый МТС-ның директоры.

84. **Глухов Александр Сергеевич**—Совет астық совхозының директоры.

85. **Галкин Василий Ефромович**—Петропавл қаласы, «Совхозснаб» бөлімшесінің меңгерушісі.

86. **Григорьев Василий Александрович**—Петропавл қаласы, облыстық «Сельхозснаб» бөлімінің меңгерушісі.

87. **Гардашинов Соломон Наумович**—Қазақстан К(б)П Петропавл қалалық комитетінің өндіріс-транспорт бөлімінің меңгерушісі.

88. **Гноевых Петр Захарович**—Қазақ ССР Халық Комиссарлары Советінің жанындағы өлшеуін аспаптар істері жөніндегі комитеттің Солтүстік Қазақстан облыстық басқармасының бастығы.

89. **Демидова Марфа Ивановна**—Соколов ауданы, Пушкин атындағы колхоздың колхозшысы.

90. **Долгушин Петр Васильевич**—Соколов ауданындағы Соколов МТС-ның темір ұстасы.

91. **Дьяченко Мария Трофимовна**—Петропавл ауданы, Димитров атындағы колхоздың бұзау күтушісі.

92. **Димий Прокопи Иванович**—Ленин ауданындағы Ивано-Петровскі селолық тұтынушылар одағының председателі.

93. **Дүйсенов Сүлеймен**—Конюхов ауданындағы «Жаңа тұрмыс» колхозының

екінші бригадасының бригадирі.

94. **Диденко Федор Михайлович**—стан К(б)П Солтүстік Қазақстан облыстық комитетінің ауыл шаруашылығын нұсқаушысы.

95. **Добродомов Леонид Захарович**—Ленин ауданындағы Образцовый тракторшысы.

96. **Донов Константин Елмен**—Ленин аудандық ауруханасының 1-адам бөлімінің меңгерушісі.

97. **Денисенко Федор Федосеевич**—тибрь ауданындағы Коновалов аға агрономы.

98. **Демиденко Яков Савельевич**—готживсырсының Приешім аудандық комитетінің меңгерушісі.

99. **Дедынова Степанида Моисеевна**—Приешім ауданындағы «Победа» совхозының колхозшысы.

100. **Дмитровский Владимир**—Петропавл станциясындағы қызметі бөлімінің дежурныйы.

101. **Жаманбаева Ватима**—Каласындағы «Екінді» артелінің председателі.

102. **Дмитриева Анна Венедиктовна**—Преснов ауданындағы Преснов темінің оқытушысы.

103. **Дәулетнәзиев Ыдырыс**—ауданындағы Возвышен астық өңдеу тракторшысы.

(Жалғасы бар).

Совет жастарының өкілдері Югославиядан Москваға қайтты

Югославияға барған совет жастарының өкілдері Москваға қайтты. Үкілдер Югославияның құрамаларында және Белград, Загреб, Любляна, Сараево, Петенья, Скопье, тағы басқа көп қалаларында

болды. Үкілдер Югославияда болған кезде Югославия-жастары мен совет жастары арасындағы достық айқын көрінді. Үкілдерді Югославия Маршалы Иосип Броз Тито қабылдады. (ТАСС).

Даңқты мереке атындағы социалистік жарыста қол жеткен табысты баянды етейік!

Облысымызда астық тапсырудың барысы

Колхозымыз өсу жолында

Областық Дайындау Халық Комиссариаты облыстық өкілінің мәліметі бойынша, 20 ноябрьге дейін облысымыздың колхоздары мен совхоздарында мемлекетке астық тапсырудың жылдық жоспары 78,1 процент орындалды. Астық тапсыру жоспарын орындауда үздік шыққан Петропавл ауданында мемлекетке жоспардан 3,4 процентідей астық тапсырылды.

Астық тапсыруда Конюхов, Соколов, Угалаев және Преснов аудандары олқылықтан арыла алмай келеді. Осы сыяқты өтық дайындауда Мамлютов, Ленин және Октябрь аудандары да айтарлықтай нәтижеге жете алмай отыр.

Мемлекет мүддесі астық тапсыру жоспарының әрбір ауданда, колхоз бен совхозда толық орындалуын талап етеді. Астық үшін күрес—еліміздің өлшемін арттыру үшін күрес. Астық дайындау жоспарының орындалуын қамтамасыз ету—партияда бар және партияда қысқартылған большевиктің отан алдындағы сиыс етіп борышы.

ЖОСПАРДАН ТЫС 1800 ПУТ АСТЫҚ ТАПСЫРДЫ

Октябрь ауданындағы «Жаңа су» ауыл шаруашылық артели (председателі Бүтін а жолдас) мемлекетке астық тапсыру шарын мерзімінен бұрын орындады. Елінен мол өнім алынуы нәтижесінде, колхоз мемлекет қорына жоспар тыс 1800 пұт астық тапсырды. Мемлекетке астық өткізу жұмысын ойдаы жүргізуде колхозшы Жолдығарин дәс көп еңбек сіңірді.

Қ. ҚАНАПИН.

Ауыл шаруашылық жұмыстарын аяқтады

Өрдов атындағы ауыл шаруашылық тінің (Полудень ауданы) мүшелері ел жеңіс талына сай қажырлы қайы жұмыс істеді. Олар колхоздың соңетік егін даласында бітік егін өсінуы деркесінде, ысырапсыз жыйнап Колхоз колхозшылардың жаңа аймақ істеуі нәтижесінде мемлекетке ас тапсыру және МТС жұмысы үшін ақы төлеу жоспарын мерзімінен орындады. Қазір колхозда мемлекет жоспардан тыс астық тапсыру

Виздің колхоз 1929 жылы ұйымдастырылды. Алғаш ұйымдасқанда колхозға 9 үй мүше болды. Ал, колхоздың шаруашылығына келсек, бұл жылы колхозда 15 өгіз, 14 ат болатын. Қой, ешкі, атымен жоқ еді, өгіз көлемі 60 гектардан аспайтын. Колхоздың пайдалануына берілген жер көлемі 2000 гектардан аздап ғана асатын.

Міне, содан бері 16 жыл өтті. Осы жылдар ішінде колхозымыз шаруашылық жағынан нығайып, колхозшыларымыз ауқатты және мәдениетті болып алды. Қазір колхозда 230 қара мал, 280 қой, ешкі және 60 жылқы бар. Колхозшылардың үй саны 123ке жетті.

Колхозымызда өсіресе егін шаруашылығы өркендеді. Бұған дәлел етіп, быйылғы жылы 1350 гектар егін өккенімізді айтудың өзі-ақ жеткілікті.

Қазақ ССР-ның 25 жылдығы атындағы социалистік жарысты мерменіше өрісте ту нәтижесінде, біз 1350 гектар өгінді 45 жұмыс күні ішінде толық жыйнап алдық. Мемлекетке 3950 центнер астық тапсырып, жоспарды 100 процент орындадық. Қазір колхозда мемлекетке жоспардан тыс астық тапсырылып жатыр.

Егін жыйнау және мемлекетке астық тапсыру жұмыстары кезінде колхоздағы бастауыш партия ұйымы колхоз басқармасына үлкен көмек көрсетті. Партия мүшелері жұмыстың шешуші учаскелерінде болып, өз учаскелері жөнінде партия ұйымы алдында жауапты болды.

Осы сыяқты, колхоз басқармасына комсомол мүшелерінің де көрсеткен көмегі аз болған жоқ. 14 комсомол мүшесі колхоздың өндірістік жұмыстарына үзбей қатысты. Олардың ішінде Қанапин және Баекин жолдастар колхозды ауылшаруашылық шын мәніндегі таңдаулылары болып алды. Баекин жолдас тракторшы болып жұмыс істеп, тракторлармен істелетін жұмыстардың жылдық жоспарын 102 процент орындады да, 50 килограмм жанар май үнемдеді.

Музапаров жолдас басқарған үгітшілер тобындағы 11 үгітші үгіт-көшілік жұмысын тікелей қос басында, бригадаларда және мал фермаларында жүргізді. Олар үгіт жұмысын мерменді егін ұйымдастыру арқасында, колхозшылардың өндірістік жігерін бастан отырды.

Мұның өзі көрсеткені...

Мал басын өсіру, оның өнімін арттыру жолында мал өсірушілеріміз стахановша жұмыс істеудің нелер жақсы үлгілерін көрсетті. Мәселен, Тұрлыбаев жолдас басқарған қой фермасында 160 саулық та, 186 қозы алынып, олар шығынсыз өсірілді. Шопан Ақбалли және Теміртаев жолдастардың қой шаруашылығын өркендетудегі еңбегін бағалай келіп, колхоз басқармасы Ақбалли жолдасқа 4 қой және Теміртаев жолдасқа 3 қой сыйлық берді.

Сауыншы Ағажан Тоқаева жолдас 11 сыйырған тұяққа тұяқ өсірді. Ол әрбір сыйырдан жылдық міндеттеме бойынша, 800 литр сүт алына, 10 ай ішінде 825 литр сүт сауды. Осы сыяқты, сауыншы Зағипа Тастемірова жолдасы бүкіл колхозымыз мақтап өтеді. Ол 10 сыйырдан тұяққа тұяқ өсіріп, әрбір сауын сыйырдан 992 литр сүт сауып отыр. Тастемірова жолдас еңбек күніне қосымша ақыға бір торпақ алды.

Колхозшылар жылқышы Мұқан Мәмбетов жолдасы жылқы шаруашылығының құты деп есептейді. Өйткені ол колхоздың жылқы шаруашылығын өркендету жолына көп еңбек сіңірді. Быйыл Мәмбетов жолдас, 13 биеден, 13 құлын алып, оларды аман өсірді. Үкметіміз бен партиямыздың қаулысы негізінде таңдаулы жылқышының еңбек күніне қосымша ақыға бір құлын және 2 центнер астық берілді.

Колхозда мал шаруашылығы өркендеп, оның өнімінің артуы колхоздың мемлекетке мал шаруашылығы өнімдерін тапсыру жөніндегі міндеттемені аброймен орындауына толық жағдай жасады. Бізде мемлекетке ет тапсыру жоспары 106 процент, тері тапсыру жоспары 100 процент және жүн тапсыру жоспары 105 процент орындалды. Сүт тапсыру жоспарын орындап шығуға жуық отырмыз.

Республикамыздың 25 жылдығына колхозшылар осындай тарту әзірледі. Қазір біздің алдымызда мал қыстату маусымын ойдағыдай өткізу және көптемігі өгіске барлық жағынан толық әзірлену міндеті тұр.

Колхоз мүшелері мал қыстату маусымын ойдағыдай өткізу үшін, оған алдын ала дайындалды. Қорамдың малға деп 12800 центнер пішен әзірледі. Барлық пішеннің 4000 центнері қыстауға та

ОБЛЫСЫМЫЗДА

ОСОАВИАХИМШЫЛАР ЖАРЫСЫ

Облысымыздың Осоавиахим ұйымдары Қазақ ССР-ның 25 жылдығына тарту ретінде әскери оқу және отан қорғау қызметкерлерін дайындауда зор табысқа ие болды. Мереке құрметіне облысымызда мергендердің социалистік жарысты өткізілді. Бұл жарыста Петропавлдағы автомобиль-мотоцикл клубының оқушысы Перкуликов, зоотехника-мал дәрігерлік техникумының оқушысы Тешенов және осоавиахимның Полудень аудандық советінің қызметкері Райко жолдас тар облысымыздағы таңдаулы мергендер атағын алды.

Петропавлдағы автомобиль-мотоцикл клубы 28 машинаны дайындап шығарды. Қаладағы ауыл шаруашылық техникумы жанындағы осоавиахим бөлімшесінде 87 қол пулеметші, ал Мамонтов жолдас директор облыс істейтін заводта 63 мерген дайындалып шықты.

Отан қорғау қызметкерлерін дайындау ісіне белсене қатынасқаны үшін облыстық осоавиахим советі әскери оқу бөлімінің меңгерушісі Казимир және әуе шабуылына қарсы күрес бөлімінің бастығы Яроцкий жолдастарды тағы басқаларын құрмет грамотасымен наградтады.

ҚАРТ МҰҒАЛИМ

Октябрь ауданындағы «Бірлік» бастауыш мектебінің меңгерушісі Ақжар Ақанов жолдасын оқытушы болып қызмет істегеніне быйыл 42 жыл тоқты. Осы жылдар ішінде Ақанов жолдас көптеген жас жеткіншектерге сапалы білім, саналы тәрбие берді. Ақанов жолдасын шәкірттері қазіргі күнде Қызыл Армия қатарында немесе халық шаруашылығының алуан түрлі салаларында қызмет атқарып жүр. Олардың ішінде басып қызметкерлер де бар. Осымен қатар, Ақанов жолдас өзінің мол тәжірибесін жас оқытушыларға үйретуде.

Ақанов жолдас сабақ үлгері алмайтын оқушыларды сабақтан тыс уақытта да оқыту әдісін қолдануда. Ақанов жолдас тың жас жеткіншектерді оқытып тәрбиелеу жөнінде қажымай-талмай еңбек істеуі нәтижесінде мектеп коллективі үстемдіктегі оқу-жылының алғашқы тоқсанын табыспен аяқтады.

ЖАҢА РАДИО ТОРАБЫ

Жақын арада Совет ауданындағы Сары томар МТС-да (директоры Величко жолдас) жаңадан радио топап жабдықталып, 25-

Исландия базалары туралы Норвегия газетінің пікірі

ОСЛО, 17 ноябрь. (ТАСС). «Арбейдер-бладес» газетінде Фин Машин «Исландиядағы базалар» деген мақаласы жарияланды. Бұл мақалада былай дейінген: «Бүдан бірсыпыра уақыт бұрын Күрама Штаттары Исландияға соғыс базаларын ұйымдастыру үшін оның жер учаскелерін көп уақыттық арендаға алу туралы өтініш тапсырды. Бұл өтініште ең алдымен Рейкьявикадан 50 километр жердегі үлкен аэродром ескерілген. Америкалық ел қорғау ісін нығайта алатын шенберді игеру жұмысына Америка Күрама Штаттарының ерекше маңыз беретіндігі мәлім. Америка Күрама Штаттары қолданып отырған бұл шара таңқаларлықтай іс болып отыр. Бұл жұмыстың өзі бір жақты кыймыл жасау болып саналады».

«Беделді топтардан алынған хабар бойынша, Исландия бір ұлы мемлекеттің пайдалануы үшін»,—деп жазады газет,—бұл базаларды беруден бас тартты, бірақ оларды Біріккен Ұлттардың қарамағына беруге келісім берді. Мұның өзі өте дұрыс іс. Мұнымен қатар, Исландия бұл мәселе

ні қараумен шұғылданатын Біріккен Ұлттар ұйымына мүше болу жөнінде лек білдірді. Сөз жоқ, бұл Исландия бейлалатын жауаптың өң дұрысы. Қандай іс болмасын ұлы мемлекетке тікелей жапсарлас тұратын аудандарда мәселені осы мемлекеттің мүддесіне қарай шешіп, тіндігі толық түсінікті, алайда алыстағы аудандар мен ұлы мемлекеттердің қауіпсіз аймақтары арасындағы ауданды жайына келетін болсақ, онда базаларды немесе қауіпсіздіктің басқа түрлі құралдарын Біріккен Ұлттардың жалпы қарамағына тапсырудан басқа ұйғарымды жасалуға мүмкін емес.

Қазіргі күнде Исландия міне осындай жағдайда отыр. Исландиядағы базалардың Күрама Штаттары үшін де Советтер Одағы үшін де зор маңызы бар. Сондықтан мәселені жалпыға бірдей етіп шешу қажет».

Мәселені сайып келіп, газет былай деп жазады: Исландия базалары туралы мәселенің дұрыс шешілуінің Норвегия үшін ерекше зор маңызы бар.

Франциядағы саяси дағдарыс Де Голльдің Гуэнге хаты

ПАРИЖ, 19 ноябрь. (ТАСС). Генерал де Голльдің 18 ноябрьде ұлттық құрылтай жыйылысының председателі Гуэнге жазып жіберген хаты жарияланды. Де Голль өзінің бұл хатында үкмет құру жөніндегі мандатты құрылтай, жыйылысына қайтарып беретіндігі туралы бұдан бұрын жасаған мәлімдемесіне тоқталып, Де Голль Гуэнге жазған хатында құрылтай жыйылысының ұстаған жолын білдіру үшін үкмет құру жайындағы мандатты қайтарып бергендігін атап көрсетуді хажет деп есептеді. Де Голль өзінің хатында одан, де Голльден бұл мандатты алу немесе оның өкілдігін өзінде қалдыру туралы құрылтай жыйылысының қарап-шығарылуын өтінді.

Франциядағы үкмет дағдарысы

ПАРИЖ, 20 ноябрь. (ТАСС). Генерал де Голльдің ұлттық құрылтай жыйылысының председателі Гуэнге хат жібергендігі Париж радиосы хабар етті.

Де Голль өзінің бұл хатында 19 ноябрьдегі мәжіліс кезінде дауысқа салынған ұсынысты еске алдым деп мәлімдейді.

Де Голль Дюаннан өздерінің мақсаттары анықтан алу үшін негізгі үш партияның өкілдерін мәжіліске шақыруды өурады.

Бүгін Бурбонскі сарайында француз коммунист партиясы саясаттық бюросының мәжілісі болды. Саясаттық бюро генерал де Голльмен келіс сөздер жүргізу үшін делегация бөлді. Делегацияның қа-

тарында Морис Торез, Жак Дюкло және Флоримон Бонт бар.

Бүгін коммунист партиясы мен социалистер партиясының сол сыяқты «Халық-республикалық қозғалыстың» өкілдері генерал де Голльдің Сен-Доминик көшесіндегі қызмет орнына келіп жыйылды. Генерал де Голльмен мәслихатқа коммунист партиясының өкілдерінен басқалар адамдар, оның ішінде социалистер партиясынан—Даниэль Мейер, Венсан Ориоль, Андре Филипп, «Халық-республикалық қозғалыс» партиясынан—Франциск Гэ, Морис Шуман және Андре Колен қатысты.

Болгария үкметінің америкалықтаппын ұятына шақырды

ауданың Советтік Социалистік респуб-
ликасының 25 жылдығына колхоз мүшеле-
рінің ауыл шаруашылық жұмыста
ойдағыдай аяқтаумен мерекеленді.

Б. ИГБЕРГЕНОВ.

елесі жылдың есебіне 600 центнер ет берді

Бұл ауданының алдыңғы қатарлы
қатары мемлекетке картоп және ет
ру жоспарын мерзімінде орындады.
Исочич жолдас председателі болып
ін «Проводник» колхозы мемлекет
жылында орынына 127 центнер, Ста-
атындағы колхоз 247 центнер,
колхозы 108 центнер, Киров атын
колхоз 48 центнер және «Красный
К» колхозы 54 центнер картоп
ады.

сыяқты, ауданның көптеген кол-
хозы мемлекетке ет тапсыру жоспа-
ры толық орындап, келесі жылдың
ет тапсыруға кірісті.

мен. «Өндіріс». Буденный атында
не Ворошилов атындағы колхоздар
қ өзінде келесі жылдың есебінен
центнер ет тапсырды.

Ф. ПОТУДАНСКИЙ.

ЖАҢА ҚҰРЫЛЫС

«Кенес» колхозында (Октябрь
) 20 бие мен 40 бұзауға арналып
кі қора және дала бригадасында
ылар жататын 2 үй салынды.

Ш. ЕСКЕНОВ.

ЯСНАЯ ПОЛЯНАДАҒЫ БАҚША-МУЗЕЙДЕ

20 ноябрь. (ТАСС). Л. Н. Тол-
музей-бақшасында әрдайым лық
еймандар. Олардың ішінде аме-
у, болгар, қытайлар да бар. Мей-
ұлы жазушының есімімен байла-
аттарды көру үшін музейдің бөл-
сағат бойы аралап жүреді.
алысу кітапшасында дүние жү-
арлық ұлттардың тілінде алуан
мбатты сөздер жазылады. Аға
т Широков былай деп жазады:
—орыс халқының таң шоқпаңы,
болғандықым үшін бахытты
зейді аралағаннан кейін мен көп
таң қалдым.

полянаны аралағандардың са-
йып 800 адамға жетеді. Мейман
зейді ғана аралап қоймай,
жерлерді жақсы білетін, ясная
ктармен де кездесіп отырады,
тестейдің атқоңысы Иван Ва-

колхоз басқармасы жоғары бағалап,
аған сыйлыққа бір тайынша берді. Осы сый-
яқты колхозды ауылдың таңдаулылары
Мамбетов жолдас өзінің жаз бойына кол-
хоз өндірісіне сіңірген адал еңбегіне 60
пұт. Нұртазин жолдас 65 пұт және Қана-
пин жолдас 70 пұт астық алды. Август
айында армия қатарынан келген Байда-
уылов жолдас мемлекетке астық тапсыру
жұмысында зор ерлеумен жұмыс істеді.

Мал шаруашылығының жайына т.ғ.
талып өтейік. Быйыл—Қазақ ССР-ның 25
жылдығы қарсаңында түлік өсірудің мем-
лекеттік жоспары қара малдан 107 про-
цент, қой, ешкіден 123 процент және
жылқыдан 105 процент орындалды.

Қосымша ақыға бір құлын алды

«Жаңа жол» колхозының (Октябрь ау-
даны) колхозшысы Діқан Жұнысов жол-
дас 1942 жылдан бері колхоз жылқысын
бағып келеді. Содан бері өткен уақыт
ішінде мұның алдынан бірде-бір жылқы
шығып болып көрген емес.

Жұнысов қарт Қазақ ССР-ның 25 жыл-
дығы атындағы социалистік жарысқа, үш
тасқанда жылқы шаруашылығын өркен-
дете беруге бар күшін жұмсайтындығын

Мал қыстатуға мол

Октябрь ауданындағы «Жаңасу» ауыл
шаруашылық артели мал қыстату маусы-
мына сақадай-сай дайындықпен кірісті.
Ферма малының қысқы орындары ойдағы-
дай жөнделді. Малдардың қысқы азығы
жеткілікті мөлшерде дайындалып, шөптің
70 проценті мал қыстауларына тасылып

рын жөндеуге арнаулы бригадалар шығарыл-
ды. Жаз бойына жұмыста болған барлық
машинистер мен құрал саймандар ұста дү-
кенінің қасына жеткізілді. Колхоз басқар-
масының мәжілісінде құрал-саймандарды
жөндеудің графині жасалып, бекітілді. Ол
графиктің орындауын бақылау егін бри-
гадасының бригадирі коммунист Рамаза-
нов жолдасқа тапсырылды.

Колхоз ұйымдасқаннан бергі 16 жыл
ішінде шаруашылық жағынан нығайды
дедік. Бұл табысты біз әлі де ұлғайта
береміз.

Қ. ӘБІЛДИН.

Преснов ауданындағы «Орталық» кол-
хозының председателі.

білдірген болатын. Бұл сөз іс жүзінде ақ-
талды. Ол қазір қарауындағы 24 биенен
24 құлын алып, оларды аман өсіріп
отыр.

Колхоз басқармасы Жұнысов қарттың
бұл еңбегін бағалаусыз қалдырған жоқ.
Оның еңбеккүшіне қосымша ақыға бір құ-
лын берілді.

І. МАҚМЕТОВ.

дайындықпен кірісті

үйілді. Колхоз жылқысы тебіне шығарыл-
ды.

Түліктің қай түрі болса да күйлі, олар
дың ідетте ұшырауына қарсы шара-
лар жүзеге асырылып жатыр.

Қ. ҚАНАПИН.

лаевичтің нәуескесі сақталған, онымен
жазушы соңғы рет Ясная полянадан
1910 жылдың 28 октябріне қараған тү-
ні жол жүріп кеткен еді. Мұнда октябрь
дің қараңғы түнінде оның жолына жа-
рық берген шамы да сақталған.

Өз мейніндегі кітап қананың көпте-
ген кітаптарына жазушының өз қолымен
жасаған белгілері мұндағы бір өте таңқа-
ларлық іс. Кітапқанада А. Ролланның,
А. Франстың, В. Шоудың және басқа
да жазушылардың өмір баянымен қоса
жазылған көптеген кітаптары бар.

Қазір Ясная полянада өте қызықты.
Колхозшылар мен интеллигенция, орта
мектептердің оқушылары өздерінің ұлы
жерлесінің қайтыс болғанына 35 жыл
толған күнін өткізуге әзірлік жасады.
Мектепте «Толстой ясная полянада»
деген тақырыпта дәстүрлік көші өткізіле-
ді.

МЕРЕКЕНІ ОЙДАҒЫДАЙ ӨТКІЗДІ

Совет ауданының колхозшылары мен
колхозшы әйелдері Қазақ ССР-ның 25
жылдық даңқты мерекесін ойдағыдай өт-
кізді.

Аудандық партия комитетінің бюросын-
да 27 адам баяндамашы белгіленіп, олар
Қазақ ССР-ның 25 жылдығы туралы кол-
хоздар мен совхоздарға барып баяндама-
лар жасады. Мереке күні колхоздар мен
совхоздарда 77 концерт берілді. Сол
сыяқты аудандық партия комитеті жа-
лындағы әйелдер советінің председатели
Бумейко жолдастың басқаруымен ұйым-
дастырылған концерт бригадасы аудан
орталығында аудан еңбекшілеріне үлкен
концерт берді.

БІР ҚАСҚЫР, БІР ТҮЛКІ СОҚТЫ

Куйбышев атындағы колхоздың (Совет
ауданы) колхозшысы Сүттемғенов Ыбырай
қарт бірнеше жылдан бері аң аулау жұ-
мысымен шұғылданып келеді. Ыбырай
қарт аң аулау жоспарын жыл сайын ар-
тығымен орындайды.

Қуаң-қысқы аң аулау маусымы бас-
талғалы Ыбырай қарт аң аулау жұмы-
сына қызу кірісті. Жуырда ол бір қас-
қыр, бір түлкі соқты. Ыбырай қарт аң
терілерін дайындау орынына тапсырып,
сыйлыққа бағалы заттар алды.

ЕСКЕРУСІЗ ҚАЛҒАН МЕКТЕП

Преснов ауданындағы Ленин орта мек-
тебі быйылғы оқу жылын жеткілікті дай-
ындықпен бастай алмады. Соның салда-
рынан қазір мектепте оқу жұмысы ойда-
ғыдай жүргізілмей отыр. Бұл мәселе же-
нінде аудандық оқу бөліміне бірнеше да-
был түссе де аудандық оқу бөлімінің бас-
шылары мектепке әлі күнге жеткілікті
кемек көрсетпей келеді.

Мектептің есік, терезелері сынған, пеш
мүлде құлап қалған. Бұл жағдайды көре
тұра, колхоз басқармасы да мектепті жөн-
деу жұмысына көңіл бөлмей отыр. Мек-
тепте оқытушылар да жеткіліксіз. Кейбір
пәндерден сабақ беретін оқытушы болма-
ғандықтан октябрь айында мектепте бір
ай бойы оқу тоқтап қалды.

Егер мектеп үйі аз күн ішінде жөндел-
месе, мектеп оқытушыларымен толықтырыл-
маса, быйылғы оқу жылында балалар
мектептен сапалы білім алып шыға ал-
май қалу қаупі туып отыр. Аудандық
оқу бөлімі бұл жағдайды ескеретін бол-
сын.

РАМАЗАНОВ.

Бұл жауапта былай делінген: Болға-
рия үкіметі быйылғы 24 августа 26 ав-
густқа тағайындаған заңды сайлауды
кейінге қалдырғаннан кейін, ол өз ин-
иативасы бойынша заңды түрде жаңа-
ша сайлау өткізу арқылы халықтың
ныш тілегін білдіру үшін неғұрлым қо-
лайлы саяси жағдай туғызу мақсатында
бірсөйір шаралар қолданды. «Сонымен,
—делінген жауапта,—үкімет сайлау за-

рының хаттарыңызда атап көрсеткен
дей, сайлау науқанында халыққа қысым
жасау сияқты зорлау және қорқыту істе-
ріне келетін болсақ, онда мен өзімді оппо-
зицияшыл партиялардың сайлау науқаны
басталмастан бұрын яғни мұндай қы-
сымшылық туралы сөз болмаған кездің
өзінде сайлауға қатысудан бас тартқанды-
ғы жөніндегі фактіге сіздердің назарлары-
ңызды аударуға міндеттімін деп есептей-
мін».

Испанияның Мюнхендегі елшілігінің гитлершілдерді жақтайтын іс жүргізуі

ЛОНДОН, 17 ноябрь. (ТАСС). Рейтер
агенттігінің Мюнхеннен берген хабары
бойынша, американың оккупациялаушы
соғыс өкімет орындарының жақын арада
испанияның Мюнхендегі елшілігін жауып,
бұл елшіліктің қызметкері граф Вальд-
ботт фон Бассенхеймді тұтқына алуы ис-
пан паспорттары мен рұқсат қағаздары-
ның кейбір адамдарға заңсыз түрде беріл-
гендігін әшкереледі. Американың соғыс
өкімет орындары бұл елшілікті май айы-
ның өзінде жапқан болатын. Бірақ, бұ-
дан соң елшілік қайта ашылған еді. Ис-
пан елшісі Альваро де Сильведа елшілік
жағынан шексіз правосы бар екендігімен

пайдаланып, өзінің Германияда туып өс-
кен әйелімен бірге елшіліктің жабылуы
над бес күн бұрын Швейцарияға жүріп
кетті, сөйтіп қол қойылған, бірақ толты-
рылмаған паспорттардың үлгілерін Бас-
сенхеймге қалдырып кетті. Ал, ол бұл
паспорттарды кейіннен кісілерге беріп
отырды. 29 октябрге дейін, яғни бұл
іске американдар араласқан кезде Бассен-
хейм 230 адамға, оның ішінде көптеген
немістерге паспорттар мен рұқсат қағаз-
дар берген. Қазіргі күнде Американың әс-
кери барлаушылары паспорт алған «ис-
пандықтардың» саяси көз қарастарын
зерттеуде.

Прагада студенттердің халықаралық конгрессі ашылды

ПРАГА, 19 ноябрь. (ТАСС). 17 ноябрь
де Прагада студенттердің халықаралық
конгрессі ашылды. Конгреске көптеген
демократияшыл елдер студенттерінің өкіл-
дері қатысуда.

17 ноябрьде кешкілікте Прагадағы ең

үлкен алаң—Вацлавскі алаңында көп
мыңдаған адам қатысқан жыйын өткізіл-
ді. Бұл жыйын студенттердің халықара-
лық конгресінің ашылуына арналды.

Бүгін комиссиялар мен конгрес плену-
мының мәжілістері басталмақ.

„Динамо“ және „Арсенал“ командаларының алдағы уақытта болатын футбол ойыны жайында

ЛОНДОН, 19 ноябрь. (ТАСС). «Динамо»
және «Арсенал» командалары арасында-
ғы футбол ойынының 21 ноябрьге, сәр-
сенбі күніне тағайындалғандығын Лондон
радиосы хабар етті. «Арсенал» клубы
басшыларының бірі бұл клубтың «Дина-

мо» мен ойынға өз командасына Анг-
лияның басқа да футбол клубтарынан
таңдаулы ойыншыларының қатысуын
қамтамасыз етуге тырысатындығын мә-
лімдеді.

Жауапты редактордың орынбасары

Г. МУХАМЕДЖАНОВ.

Облыстық драма театрында ноябрьдің
23—24—25 күндері Мұхтар ӘУЕЗОВ пен
Леонид СОБОЛЕВТИҢ 4 актілі және 6
картиналы «АБАЯ» атты трагедиясы қо-
йылады.

Ойын кешкі сағат 8-де басталады.

«УДАРНИК» кино-театрында

Бүгін және күн сайын

«ЖАЛШЫНЫҢ ҚАРЫНДАСЫ»

деген Америка кинофильмі көрсетіледі.

Сеанстар кешкі сағат 6-8-10-да басталады.

Қасса күндізгі сағат 3-тен бастап ашық.

«ОКТАБРЬ» кино-театрында
Бүгін және күн сайын
«ӨТКЕН БІР ТҮНДЕ»
деген кино-сурет көрсетіледі.
Сеанстар кешкі сағат 6-8-10-да басталады.
Қасса күндізгі сағат 3-тен бастап ашық.

«Главкинопрокаттың» Солтүстік Қазақ-
стан облыстық басқармасы жақын арада
облыс экрандарында Островскийдің пьеса-
сы бойынша жасалған «ЖАЗЫҚСЫЗ ЖА-
ЗЫҚТЫЛАР» деген көркем суретті ды-
бысты фильм көрсете бастайды. Фильмге
артистер Тарасова, Дружников, Станция
тағы басқалары қатысады.

ДИРЕКЦИЯ.

УШ 02419.